

## **Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Мамандандырылған балалар үйі" МКМ-нің 2021 жылғы комплаенс-қызметінің жұмысы туралы есеп**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Мамандандырылған балалар үйі" МКМ (бұдан әрі – "Балалар үйі") сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау шеңберінде 2021 жылды мынадай іс-шаралар өткізілді:

1. 24.01.2022 жылғы № 74-н сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін құру туралы бұйрығына сәйкес, Балалар үйі комплаенс қызметінің өкілі, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға сәйкестендіру мақсатында, жүйелі түрде мониторинг жүргізіп, балалар үйінің нормативтік құжаттарына (лауазымдылық нұсқаулықтары, Бұйрықтар) өзгерістер мен толықтырулар енгізді, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша қызметкерлерді ақпараттандыру, кеңес беру және оқытулар жүргізілді.
2. **Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін мекемеде:** - сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл саласындағы кәсіпорынның қолданыстағы нормативтік актілері, оларды сақтамағаны үшін жауапкершілік шаралары туралы барлық қызметкерлерді қол қойғыза отырып таныстыру, - жаңадан қабылданатын және жұмысында ұзак үзілісі бар (бала күтімі бойынша демалыс) қызметкерлерді сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңнамамен және мекеменің жергілікті актілерімен таныстыру.
3. 2021 жыл бойы балалар үйінің қызметкерлерімен ұйымдастырушылық түсіндіру шараларының кешені, этика мен қызметтік мінез-құлық нормаларын сақтау, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы өзгерістер жүзеге асырылды.
4. **Кәсіпорын сайтының "Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл" бөлімінде келесі ақпарат орналастырылды:** - Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Мамандандырылған балалар үйі" МКМ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты; - сыйбайлас жемқорлық фактілері бойынша азаматтардың жүргінуі үшін "сенім телефоны" туралы ақпарат; - мекемедегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау; - Мекемеде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет үшін жауапкершілікті жүктеу туралы 17.01.2022 Ж. №36-н бұйрығы; - 24.01.2022 ж. №74 – н сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметін құру туралы бұйрығы;-17.01.2022 ж. №30-н мемлекеттік ұйымдардың ынтымақтастық туралы меморандумымен танысу туралы бұйрығы.; - Нұр – Сұлтан қаласы әкімдігінің "Мамандандырылған балалар үйі" МКМ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ереже; - квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар; - Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көленкелі экономикаға қарсы іс – қимыл бойынша Нұр-сұлтан қаласы әкімдігінің "Мамандандырылған балалар үйі" МКМ қызметкерлерін оқыту жөніндегі 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспары; - Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Мамандандырылған балалар үйі" МКМ-і заң қызметінің 2022 жылға арналған жұмыс жоспары.
5. Тоқсан сайын мемлекеттік сатып алу порталында жасалған шарттардың орындалуына бақылау жүргізілді, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушілердің өз міндеттемелерін орындау тәуекелдерін барынша

азайту, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында көрсетілген шарттардың орындалуына мониторинг жүргізілді.

6. Тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында, оның ішінде медициналық және медициналық емес қызметкерлердің сыйлықтар алуға қатысты белгіленген тыйымдардың, шектеулер мен талаптардың сақталуына бақылау жүргізілді. 2021 жылы сыйлықтар алу фактілері анықталған жоқ.

Заңгер Б.Қ. Габдуллин

15.03.2022ж.

